



EGEMEN QAZAQSTAN

№165 (30144) 2 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі

Қымбатты отандастар! Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!

Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз.

Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес.

Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда.

Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәрине берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалауда. Сондықтан, кез келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Менің Қазақстан халқына биылғы



Жолдауым мынадай мәселелерге арналады.

I. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму

Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз.

Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Ұлттық жобалар бекітілетін болады.

Стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту.

Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық.

Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын-үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарызын азайтты.

Жалпы, экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады.

Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

Парламенттің II сессиясы ашылды

Кеше палаталардың бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясының ашылуын жариялады, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Жаңа сессия ресми ашылғаннан кейін еліміздің Әнұраны орындалды. Парламенттік сессияны ашқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауды жариялап, Қазақстанның алдағы даму стратегиясын айқындап берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экожүйе құруға, саяси жаңғыруға, адам құқығын қорғау мен ұлтты ұйыстыруға бағытталған бастамаларын жариялады.

Президент Қазақстан халқына Жолдаудың ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сөздерімен бастады.

– Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болдық. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық, – деді Президент.

(Соңы 9-бетте)

I ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

АҚШ-пен серіктестік нығая береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына АҚШ Президенті Джоозеф Байденнен хат келіп түсті, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президентінің атына келген хатта Джоозеф Байден Семей ядролық полигонының жабылғанына отыз жыл толуына орай құттықтауын жеткізген.

– 29 тамыз күні Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай Америка Құрама Штаттарының атынан Қазақстан Республикасының халқына ең ізгі құттықтауымды білдіргім келеді, – деп жазды Штаттары бұрынғы сынақ

полигоны аймағын қалпына келтіру мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Сіздің Үкіметіңізбен арадағы жалғасып жатқан ынтымақтастықты қоса алғанда, Қазақстанмен берік серіктестігін нығайта бермек. Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы күнінен бастап Семей аймағында әріптестік қарым-қатынаста жұмыстар атқарып келеді, – деп жазды АҚШ Президенті.

Өзбек елін құттықтады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеке өзінің және барша қазақстандықтардың атынан Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті және өзбек халқын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

– Бауырлас Өзбекстан бұл айтулы күнге ұлттық біртұтастығымен, экономикалық дамуының жоғары қарқынымен және әлемдік қоғамдастыққа лайықты беделмен қуатты әрі өркендеген мемлекет ретінде жетіп отыр. Өзбек халқы Сіздің жасампаздық саясатыңыз бен

табысты жүзеге асып жатқан ауқымды реформаларыңызды қолдай отырып, тұрақты даму жолын жалғастыра беретініне сенімдімін, – деп жазылған Мемлекет басшысының жеделхатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы тарихи терең

стратегиялық ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

– Сізбен бірлесіп атқарып жатқан жұмысымыз екіжақты деңгейде де, аймақтық және халықаралық ынтымақтастық аясында да Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылындағы зор әлеуетті толық іске асыру үшін қызмет ететініне сенімдімін, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевке жауапты мемлекеттік қызметте табыс, бауырлас Өзбекстан халқына өркендеу мен өрлеу тіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Ш.Қарашөкеевті тағайындау туралы

Ербол Шырақпайұлы Қарашөкеев Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 1 қыркүйек
№ 650

Ербол Шырақпайұлы ҚАРАШӨКЕЕВ



1976 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің, Қазіргі заманғы гуманитарлық институттың бітірген. Менеджмент саласындағы маман, заңтану бакалавры, экономика магистрі.

1998 жылы Статистика агенттігінің бас маманы ретінде еңбек жолын бастады.

1999-2001 жылдары Президент Әкімшілігінде қызмет атқарған.

2001-2013 жылдары «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМҚ, «ҚБТУ мұнай-газ инженерингі және ақпараттық технологиялар институты» ЖШС басшылық жасаған.

2013-2016 жылдары «Қазақстанның тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2016-2019 жылдары Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 2019 жылдың қаңтарынан 2021 жылғы наурызға дейін Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқарма төрағасы.

2021 жылғы сәуір-шілде аралығында – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.

2021 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі – министрдің міндетін атқарушы.



ФОТОЭТЮД



Суреттерді түсірген Еран ОМАР. «ЕГ»

БӘРЕКЕЛДІ!

Телевизиялық бағдарламаға түсті

Таяуда Кыргыз елінің астанасы Бішкекте қазақстандық өнерпаздардың қатысуымен «Қыз-жігіт. Сармерден» атты телевизия форматындағы бағдарламаның түсірілімі өтті.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Рухани шараның ашылуына еліміздің Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов, Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі Рәпіл Жошыбаев және Қырғыз Республикасы Президенті әкімшілігінің басшысы Сүйінбек Қасамбетов пен сол елдің Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Қайрат Иманалиев қатысып, өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Нұрғиса Дәуешов өз сөзінде екі ел арасындағы татулықты,

бірлікті және ортақ құндылықты ежелден өнер арқылы насихаттап келе жатқан майталмандарға тоқталып, аталған игі дәстүр жоғары деңгейде жалғаса беретініне сенім білдірді.

«Қыз-жігіт. Сармерден» – қырғыз телесермендері қызығып көретін бағдарламаның бірі. Жобаның негізінде қыздар мен жігіттер халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтел, жаңылтпаш, әзіл айтып жарысады.

Концерттің түсіріліміне еліміздің атынан дәстүрлі әншілер – Клара Төленбаева, Ардак Балжанова, Айгүл Елшібаева, Қазбек



Әдікей, Марат Сүгірбай, Бейбіт Мұсаев, күйші Нұркен Әшіров және «Салтанат» би ансамблі қатысты. Ал қазылар құрамында Қазақстан мен Қырғызстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаев,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елмұра Жаңабергенова болды.

Бағдарламаның алғашқы күні «Сармерденді» қазақ жігіттері мен қырғыз қыздары ойнады.

ЖЕДІГЕР

Көне қыстау орны табылды

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен қолға алынған «Нұра-Есіл өзендері аралығының мәдени генезисін қалыптастырудағы палеогеографиялық фактор: үй құрылысының ерекшеліктері және оның эволюциясы» атты археологиялық барлау жұмысы аясында қызмет атқарған археологтер жақында елорда іргесінен XVIII ғасырға тән қазақ қыстауының орнын тапты.



Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Нысан елорда іргесіндегі Бозоқ көлінің жағасына жақын орналасыпты. Болжам бойынша мұнда дәулетті адам өмір сүрген. Оған қазба кезінде табылған жәдігерлер мен қираған үй аумағының үлкендігі айғақ. Мамандардың айтуы бойынша, бұл қыстақ осыдан екі ғасыр бұрын салынған. Оған қазба кезінде табылған мәліметтер куә. Өйткені үй орнынан қабырғаны жылытатын пеш табылып отыр. Ол бес құдыққа бөлініп қалған. Бұған жиекес үлкен қораның сорабы сақталған. Бұдан басқа, қылыш, тоқыма заттар, дәрі құюға арналған шыны ыдыс, көптеген керамикалық бұйым қазылып алыныпты.

Осында қазба жұмысын жүргізген археолог Серғазы Сәкеновтің пайымдауынша, жағрыда табылған тұрмыстық заттар XVIII ғасырға тән екені анық және мұндай қымбат дүниелерді сол

кезде дәулетті адамдар қолданатын болған.

Сондай-ақ қазба кезінде табылған жануарлар сүйегіне қарағанда, мұнда негізін жылы мен ірі кара мал ұсталған. Тұрақтың батысы жайлау, ал шығыс бөлігі қыстау ретінде қолданылған. Сонымен қатар бұл жерден ертедегі сұтқартқыш құралдың бөлшегі табылуына қарағанда, XVIII ғасырдың өзінде қазақтар сүт пен қаймақты айырып пайдаланғаны байқалады.

«Бүгінде XVIII-XIX ғасырдағы тарихымызды түгендеуге ерекше көңіл бөлінуде. Біз осы қыстауды зерттей отырып, сол кездегі халықтың кәсібін білгіміз келді. Қазірдің өзінде олардың сыртпен барыс-келіс жасағаны, осы жерде сауда ісі дамығаны анықтады. Олар мал шаруашылығымен айналыса отырып, алынған өнімді өңдеумен де айналысқан» дейді «Бозоқ» Мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми хатшысы Айнагүл Ғаниева.

ТЕННИС

Екі теннисшіміз – екінші айналымда

Нью-Йоркте өтіп жатқан теннистен АҚШ-тың ашық біріншілігіне Қазақстаннан алты теннисші қатысқанымен, тек екі спортшымыз ғана екінші айналымға жолдама алды.

Жарыстың бірінші күнінде Елена Рыбакина келесі кезеңге шыққан болса, кеше Александр Бублик дүниежүзілік рейтингте 134-орында тұрған германиялық Янник Ханфманнан басым түсіп, екінші айналымға өтті. US Open турнирінің 31-ракеткасы болып тіркелген А.Бублик бірінші партияда қарсыласына бірде-бір гейм берген жоқ – 6:0. Екінші сетте допты ойынға қосу сәтінде жиі қателесіп, соның салдарынан германиялық спортшы 4:6 есебімен бұл сетті өз пайдасына жазды. Бірақ кейінгі екі сетте отандасымыз 6:2, 6:2 нәтижесімен басым түсті. Енді жерлесіміз үшінші айналымға шығу үшін америкалық Джек Сокпен кездеседі.

Өкінішке қарай, Зарина Диас бірінші матчында әлемнің 75-ракеткасы америкалық Аманда Анисимоваға 5:7, 2:6 есебімен есе жіберді. Осылайша, US Open додасында жекелей сында Қазақстаннан А.Бублик пен Елена Рыбакина ғана қалды. Елена екінші айналымда франциялық Каролин Гарсиямен қорқақ шығады.

ВЕЛОСПОРТ

Бес кезеңде бестікке ене ала ма?

Испания тас жолдарында өтіп жатқан велоспорттан «Испания Вуэльтасы» гранд-турының 16-кезеңінде Фабио Якобсен (Descunipack-Quick Step) топ жарды.

Кезекті сайыс Испанияның солтүстігінде орналасқан Ларедо мен Санта-Крус-де-Бесана аралығында өтті. Екі қаланың арасын жалғаған 180 шақырым жолды нидерландтық Фабио Якобсен (Descunipack-Quick Step) бірінші болып бағындырды. Екінші орынды бельгиялық Йорди Мёйс (Bora-Hansgrohe) еншілессе, италиялық Маттео Трентин (UAE Team Emirates) үшінші сатыға табан тіреді. «Астананың» велошабандоздары арасынан ең үздік нәтижеге испаниялық Горка Исасирре мен ресейлік Александр Власов қол жеткізді. Олар мәреге 37 және 38-ші болып келді.

Жалпы есепте қатарынан жеті күн бойы норвегиялық Олд Кристьян Эйкин (Intermarché-Wanty-Gobert Matériaux) көш бастап тұр. Оның уақыт көрсеткіші – 64 сағат 6 минут 47 секунд. Кристьян Эйкиннен 6 минут 4 секунд қалып тұрған «Астана» өкілі Александр Власов – 11-орында. Қалған бес кезеңде А.Власов қарқын күшейтпесе, үздік бестіктің қатарына іліге алмайтын түрі бар.

ЕРКІН КҮРЕС

Балуандар Ослода белдеседі

Еркін күрестен Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Әсет Серікбаев қазан айында Норвегияның бас шаһары – Осло қаласында өтетін елем чемпионатына қатысатын балуандардың есімін атады.



Әлем чемпионаты 2-10 қазан күндері Ослода өтеді. Оған Қазақстан сапынан 10 балуан қатысады. Атап айтқанда, Норвегия бөзкілемінде ел намысын Мейрамбек Қартбай (57 кг), Алдан Аскарлов (61 кг), Әділ Османов (65 кг), Сырбаз Талғат (70 кг), Нұрқожа Қайпанов (74 кг), Болат Сақаев (79 кг), Азамат Дәулетбеков (86 кг), Әділет Дауланбаев (92 кг), Әлішер Ергали (97 кг) және Олег Болтин (125 кг) қорғайды.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады.
МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемген Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы
Дархан ҚЫДЫРӨПІ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы
Владимир КУРЯТОВ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Айбын ШАҒАПАҚ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР
Экономика бөлімі
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМІРАТ
Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН
Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС
Интернет-редакция бөлімі
Динар КЕРІМ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – tau@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostana@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shyys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – qoq@egemen.kz
Петропавл – spq@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемген Қазақстан» газеті» кешесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 59а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматы: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтан – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматы – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26,
adv@egemen.kz

Индекс: 65392. Ақпаның 5 рет шығады.
«Егемген Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табак. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Егемген Қазақстан» газетіне жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Газетті өскеле қою туралы №01-Г уәкілетті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті РГ СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)
ТАРАЛЫМЫ 152 303 дана
ISSN 1999-9720
9 771999 972005
Нөмірдің көзекші редакторлары
Рауан ҚАЙДАР, Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН